## "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамын дамытудың 2006 - 2008 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 10 шілдедегі N 650 Қаулысы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңының 34-бабының 4-тармағына сәйкес және "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамын дамытудың 2006 - 2008 жылдарға арналған жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі тоқсан сайын Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамын дамытудың 2006 - 2008 жылдарға арналған жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 10 шілдедегі N 650 қаулысымен бекітілген

## "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамын дамытудың 2006 - 2008 жылдарға арналған жоспары Мазмұны

1-бөлім. Ұлттық компанияның жай-күйі және оны дамытудың перспективалары туралы баяндама
1. Кіріспе
2. Нарықты талдау (қызмет салалары)
3. Қоғамның 2003 - 2005 жылдардағы өндірістік-қаржылық қызметін талдау
Параграф 1. 2003 жылдың қорытындысы
Параграф 2. 2004 жылдың қорытындысы
Параграф 3. 2005 жылдың қорытындысы
4. Қоғам өткізетін іс-шаралар

5. Қоғамды дамытудың 2006 - 2008 жылдарға арналған жоспары
Параграф 1. Мақсаттар мен міндеттер
Параграф 2. Қойылған міндеттерге қол жеткізудің жолдарын таңдау
Параграф 3. Қоғамның 2006-2008 жылдарға жоспарлаған іс-шаралары
Параграф 4. Өнім өндірудің даму серпіні
Параграф 5. Капиталдық салым көлемі
Параграф 6. Өзіндік құнның құрылымы
Параграф 7. Қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі техникасын сақтау жөніндегі іс-шаралар
Параграф 8. Баға мен тарифтік саясат және оның негіздемесі
Параграф 9. Әлеуметтік саланы дамыту
Параграф 10. Кадр саясаты
Параграф 11. Қаржылық нәтижелер және бюджетпен қатынастар
Параграф 12. Қызмет көрсететін банктермен өзара қарым-қатынастар
Қоғамды дамытудың инвестициялық жоспары
2-бөлім. Қоғамды дамытудың маңызды көрсеткіштерінің болжамы
Қосымшалар
1-нысан
2-нысан
3-нысан
4-нысан
5-нысан

## 1-бөлім. "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамының жай-күйі және оны дамытудың перспективалары туралы баяндама

## 1. Кіріспе

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) жарғылық капиталына мемлекеттің 100 % қатысу үлесімен мемлекеттік ақпарат жүйелерін құру және олардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру жөніндегі уәкілетті ұйым ретінде "Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістікті дамыту және "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 492 қаулысына сәйкес құрылды.

"Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қазандағы N 1501 қаулысымен оған "Банкаралық және қаржылық телекоммуникациялар орталығы" жабық акционерлік қоғамын қосу жолымен Қоғам қайта ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 724 қаулысына сәйкес Қоғам акцияларының мемлекеттік пакет иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі жүзеге асырады.

"Ақпараттандыру саласындағы Ұлттық оператор туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 44 қаулысымен Қоғам ақпараттандыру саласындағы Ұлттық оператор болып белгіленді. Жарияланған жарғылық капиталы - 610 млн. теңге.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 90-бабының 1-тармағын орындау үшін және Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі (жалғыз акционер) төрағасының 2004 жылғы 21 қыркүйектегі N 202-п бұйрығының негізінде "Ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамы "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы болып қайта құрылды. 2004 жылғы 1 қазанда Астана қаласының Әділет департаменті Қоғамды қайта тіркеу жүргізді (тіркеу N 9223-1901-АО).

Ұлттық оператор ретінде Қоғамның ақпараттандыру саласындағы негізгі функциялары:

мемлекеттік ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимыл жасауын, олардың әлемдік ақпараттық ресурстарына және ақпараттық жүйелеріне біріктірілуін қамтамасыз ету;

ведомствоаралық мемлекеттік ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу мен пайдалануды жүзеге асыру;

жеке және заңды тұлғалардың жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттық ресурстарына қол жеткізу үшін олардың ақпараттық талабын қанағаттандыру мақсатында техникалық жағдайлар ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің мемлекеттік тіркелімін жүргізуді техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру.

Қоғамды басқару құрылымы "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 33 және 34-баптарына сәйкес құрылған:

жоғарғы орган - акционерлердің жалпы жиналысы;

басқару органы - директорлар кеңесі;

алқалық атқарушы орган - басқарма;

бақылаушы орган - аудит секторы.

Дара басшылық пен алқалық басқару қағидаттарын ұштастыра отырып, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты Басқарма Төрағасы жүзеге асырады.

Қоғамның еншілес және мүдделес мекемелері жоқ.

Алға қойған міндеттерді тиімді және сапалы орындау, Ұлттық оператордың функциялары мен өкілеттіктерін іске асыру мақсатында 2005 жылдың сәуірінен бастап Қоғамның мынадай негізгі бөлімшелерді қамтитын жаңа құрылымы енгізілді (1-сурет):

1-сурет Қоғамның құрылымы

**Қоғам құрылымы**

```
          Ішкі   аудит   қызметі   <----------------Директорлар   кеңесі
           ( 1   б і р . )                                               |
                                                                         v
                                                          Басқарма төрағасы
                                                                         |
                                                                         |
          _________________________________________|______________________________
      |                |                    |          |              |
      v                v                    |          v              v
Вице Президент   Вице Президент             |  Вице Президент  Атқарушы
      |               |                    |         |          директор
      |                |                    |          |              |
      v                v                    v          |              v
Жобаларды басқару   Ақпараттық жүйелерге   Бухгалтерия |      Мемлекеттік
   департаменті     сервистік қызмет көрсету  (7 бір)   |        сатып алу
- Жобалы менеджмент департаменті                           |        бөлімі
секторы             - Сервистік қызмет                    |       (3 бір.)
-ЭҚА бөлімі            көрсетуді ұйымдастыру      Кадр қызметі|
-"Жеке тұлғалар"    басқармасы                 (2 бір.)    |     Жалпы бөлім
МДҚ бөлімі          - Салық комитеттерінің                 |      (17 бір.)
-"Заңды тұлғалар"     ақпараттық жүйелерін        Құқықты         |
МДҚ бөлімі          әкімшіліктендіру бөлімі  қамтамасыз  |        Баспасөз
-Атаулы тіркелім     - Сервистік жүйелі-       ету (2 бір.)|        қызметі
-"Жылжымайтын мүлік техникалық қызмет                      |       (1 бір.)
тіркелімі"              көрсету бөлімі              Мемлекеттік  |
МДҚ бөлімі (19 бір)  - Ақпараттық жүйелерді        құпияларды   |
                       әкімшіліктендіру секторы қорғау          |
                        (53 бір)                    жөніндегі    |
                                                     бөлімше       |
                                                     (1 бір.)      |
Ведомствоаралық      Телекоммуникациялар                          |
ақпараттық               департаменті                             |
жүйелерді            -БҚО жобасын басқару                         |
сүйемелдеу              бөлімі                                     v
департаменті         -Деректерді беру желісі       "Электронды үкіметтің"
-ЭҚА БЖ ендіру        бөлімі                      технологияларын дамыту
және сүйемелдеу       -ЖАЖ бөлімі                           департаменті
бөлімі               -KZ доменін басқару           "Электронды үкіметтің"
```

-"Жеке тұлғалар" секторы (17 бір.) технологиялары бөлімі
МДҚ ендіру және "Электронды үкіметтің"
сүйемелдеу бөлімі портал бөлімі
-Үлгілік ақпарат- - Растайтын орталық
тық жүйелерді Ақпараттық ресурстарды
сүйемелдеу бөлімі қорғауды ұйымдастыру
-WEB-сайттарды секторы (18 бір.)
дамыту және
сүйемелдеу бөлімі
-"Жылжымайтын"
мүлік тіркелімі
(45 бір.)

Методологиялар Алматы филиалы
департаменті -Жүйелі-техникалық
-Методологиялар қызмет көрсету бөлімі
және нормативтік -Ақпараттық жүйелерді
құжаттамалар жобалау және
бөлімі әкімшіліктендіру
-Бағдарламалық бөлімі (28 бір.)
өнімдерді
сүйемелдеу Экономика және
бөлімі маркетинг департаменті
-Мемлекеттік (9 бір.)
тіркелімді
сүйемелдеу 15 Өңірлік орталықтар
бөлімі (193 бір.)
-Оқытып-үйрету
секторы (17 бір.) Құрылыс маркетинг
секторы (2 бір.)

Жүктелген міндеттері мен басқаруды жақсарту және құрылымдық бөлімшелердің арасында өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету үшін Қоғам құрамында мынадай өндіріс бөлімшелері құрылды: ақпараттық жүйелерге сервистік қызмет көрсету департаменті, ведомствоаралық ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу департаменті, жобаларды басқару департаменті, методологиялар департаменті, телекоммуникациялар департаменті, "электрондық үкіметтің" технологияларын дамыту департаменті, өңірлік орталықтар (Алматы филиалы және 15 өңірлік орталықтар).

Өңірлік орталықтар компьютерлік, желілік және шеткері жабдықтарға сервистік жүйелік-техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді, ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу

және оларға әкімшілік етуді жүзеге асырады, сондай-ақ орталықтандырып жасасқан шарттарға сәйкес телекоммуникациялық қызметтер көрсетеді.

Орталық аппарат әкімшілік басқару блогін білдіреді (2-сурет), ол Қоғамда жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Орталық аппарат даму стратегиясын, перспективалық және ағымдағы жоспарларын әзірлейді, халықаралық ұйымдармен, мемлекеттік емес құрылымдармен және мемлекеттік органдармен, өзара іс-қимыл жасаған кезде Қоғам мүддесін білдіреді, акционерге, директорлар кеңесіне басқадай бақылаушы органдарға қаржылық және өндірістік есепті ұсынуды қамтамасыз етеді.

Ішкі
аудит <--------- Директорлар Кеңесі
қызметі |
|
v
------------------------ Басқарма
| / Төрағасы \
| / / \ \
| / / \ \
| v v v v
| Вице- Вице- Вице- Атқарушы
| Президент Президент Президент директор
|
| Мемлекеттік
| сатып алу
| бөлімі
|
| Экономика
v және маркетинг
Бухгалтерия департаменті
Кадр қызметі Жалпы
секторы бөлім
Құқықты
қамтамасыз
ету секторы
Мемлекеттік
құпияларды
қорғау
жөніндегі
бөлімше 2-сурет. Орталық аппараттың құрылымы.

Баспасөз қызметі

Қоғам қызметкерлерінің тізімдік саны 2005 жылғы 1 қаңтарға 294 қызметкерді құрады.

Жоспарланған жұмыс көлемін орындау мақсатында қызметкерлердің штат санын 2006 жылы - 460 бірлікке дейін, 2007 жылы - 500 бірлікке дейін және 2008 жылы 550 бірлікке дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

Бизнес, жоспарлау және есеп беруді бір ұстанымда жүргізуді, сондай-ақ не өкілдік болып не филиал болып табылмайтын өңірлік бөлімшелердің азынаулақтығын (10 адамға дейін) ескере отырып қамтамасыз ету үшін, Қоғамда орталықтан басқару моделі қолданылады.

## 2. Нарықты талдау (қызмет салалары)

Әлемде де және сол сияқты Қазақстанда да ақпараттық технологиялардың бәсекелестікке қабілетті және цифрлық экономикаға кіру туралы мәселелерін шешу негізгі фактор болып тұр. Сондықтан нарықтың бұл саласының дамуы, экономиканың өсуі мен жоғарғы деңгейдегі жұмыспен қамту мәселесін шешуде елге маңызды болып табылады.

Ағымды кезеңде, Қазақстанда ақпараттық технологиялар нарығының дамуы бастапқы сатысында тұр. Ақпараттық технологиялар нарығының тұрақты құрылымдары мен бөліктерінің жоқ екендігін атап өту қажет. Әдетте, талдаушылар оны келесі негізгі бағыттағы құрылымдарға бөледі: компьютерлік жабдықтар нарығы; бағдарламалық қамтамасыз ету нарығы; консалтингтік және ақпараттық технологиялар саласындағы қызмет көрсету нарығы. Ақпараттық технологиялар нарығын бөліктерге бөлудің басқа да жолдары болуы мүмкін. Қоғам, компьютерлік жабдықтарды өндіру мен сату және бағдарламалық қамтамасыз етуді жасаумен шұғылданбайды, және қазіргі кезеңде, мемлекеттік органдарға ақпараттық технологиялар саласында қызмет көрсету нарығында өзін тұғырландырады.

Ақпараттық технологияларды мемлекеттік секторға ендіру, бірінші кезекте " электрондық үкімет" инфрақұрылымын қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) іске асыру қажеттілігімен анықталады.

Тұтастай алғанда мемлекеттік органдардың (қолданыстағы және жоспардағы) ақпараттық жүйелерін олардың нысанына қарай мынадай тәртіпте жіктеуге болады:

1) жалпымемлекеттік жүйелер;
2) мемлекеттік деректер базасы;
3) қаржылық жүйелер;
4) экономиканың сала жүйелері;
5) әлеуметтік саланың жүйелері;

6) құқық және құқық қорғау ақпараты жүйелері;
7) мемлекеттік органдардың әкімшілік-басшылық қызметін қамтамасыз ету жүйелері;
8) қамтамасыз ету жүйелері.

2005 жылғы 1 маусымға мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің Мемлекеттік тіркелімінде 202 деректер базасы, 178 бағдарламалық өнімдер, 25 web-сайттар және 9 деректер беру желісі тіркелген.

Деректер базасы қазіргі заманғы (Oracle, Infomix, Microsoft SOL Server, Lotus Notes) қолданыла отырып құрылады. Мұнымен қатар қолданыстағы жергілікті міндеттер немесе ескі буындағы аспаптық құралдарда іске асырылған міндеттер кешені де қатар орын алып келеді.

Неғұрлым инфрақұрылымды дамыған қолданыстағы ақпараттық жүйелер салық және кеден комитеттерінің, қазынашылықтың, зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың ақпараттық жүйелері болып қала береді. Олармен қатар "Республикалық бюджетті жоспарлау", "Мемлекеттік қызметші мамандарын басқару (КБАЖ)", " Мемлекеттік меншікті басқару", "Жеке куәлік және төлқұжат беру жүйелері" сайлаудың автоматтандырылған "Сайлау" және басқа да сол сияқты ақпараттық жүйелері жұмыс жасайды. Ақпараттық жүйелерінің тұтастай қатары, оның ішінде Мемлекеттік бағдарлама шеңберіндегі жобалар әзірлеу сатысында тұр.

Бірқатар мемлекеттік органдарда Қоғаммен қатар ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу : Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі "Қаржы жүйелерін ақпараттандыру орталығы" АҚ, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі "Ақпараттық құқық орталығы" РМК, Қазақстан Республикасы Жер ресурстары агенттігі ҒӨО, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" РМҚК, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі " Қазақстандық банкаралық есеп айырысу" және "Банкілік сервистік бюросы" РМК, және т.б. ведомствоға қарасты ұйымдармен жүзеге асырылады. Бір мезгілде бірқатар министрліктерде осындай ведомствоға қарасты орталықтары жоқтығымен қоса, орталық аппараттарында қажетті ақпараттық технологиялар саласының бөлімшелері жоқ екендігін атап өту керек.

Әртүрлі қатынас, ведомстволық мүдделер, мемлекеттік органдарда ақпараттық технологияларды ендіру қарқынына күмәнсіз кері ықпал етеді.

Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуының ретіне қарай Қоғам ведомствоаралық және үлгілік ақпараттық жүйелерді пайдалануды бір жерге жинауға, өздерінің ақпараттық технологиялық бөлімшелері жоқ мемлекеттік органдарда ақпараттық жүйелердің құрылуына қатысуға, мемлекеттік органдарда ақпараттық жүйелерді құрған кезде бірыңғай техникалық үйлестіруді жүзеге асыруға ниет білдіріп отыр.

Осылайша, ағымдағы кезең дамуынан бастап Қоғам мемлекеттік органдардың

ақпараттандыру саласындағы электрондық үкіметтің инфрақұрылымын іске асыруда, ведомствоаралық және үлгілік ақпараттық жүйелерді сүйемелдеуде және дамытуда, ведомстволық ақпараттық ресурстар мен жүйелерді құрған және пайдаланған кезде мемлекеттік органдар үшін әдістемелік және технологиялық көмек көрсететін базалық ұйым ретінде өзін тұғырландырады.

Бұл ретте Қоғамның қызметі, компьютерлік және бағдарламалық қамтамасыз етуді жеткізіп беруші, ақпараттық жүйелерді әзірлеуге тапсырыс беруші ретінде көбіне мемлекеттік органдардың функцияларымен байланысты. Барлық жұмыстар шарттық негізде жүзеге асырылады.

2003 - 2005 жылдары арасында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын ақпараттандыру іс-шараларына республикалық бюджеттен шамамен 34 975 млн. теңге жұмсалды. Осы кезеңдегі, Қоғамның мемлекеттік органдарды ақпараттандыру жөніндегі көрсеткен қызметінің көлемі (мемлекеттік органдарға сервистік жүйелі-техникалық қызмет көрсету және сүйемелдеу қызметі бойынша және Мемлекеттік бағдарлама шеңберіндегі жұмыстар) 1501,4 млн. теңгені құрады. Сондықтан, Қоғамның нарықтың осы сегментіндегі үлесі барлығы 4,3 пайызды құрайды.

Банкаралық Қаржы Технологиялары Орталығы еншісінен қалған "Банктен" желісінің негізгі клиенттерін 2003 жылы жоғалтуымен және осы желінің тозған телекоммуникациялық құралдарын бөлшектеуінен Қоғаммен көрсетілген телекоммуникациялық қызметтерінің төмендеуінің бет алысы бар. 2005 жылдың басындағы жай-күйі бойынша Қоғаммен қайталама провайдер сияқты Интернетке қол жеткізу жөніндегі қызметтер тек қана 750 клиентке (жеке және заңды тұлғаларға) берілді. Бұл қызмет бағытының ары қарай дамуы толықтай коммуникациялық құралдардың жаңғыртуысыз экономикалық мақсатқа сай емес.

## 3. Қоғамның 2003-2005 жылдардағы өндірістік-қаржылық қызметін талдау

### Параграф 1. 2003 жылдың қорытындысы

2003 жыл бойы үш негізгі бағытта жұмыстар жүзеге асырылды: Мемлекеттік бағдарламаның іс-шараларын орындау, мемлекеттік органдарға жүйелі-техникалық қызмет көрсету және телекоммуникациялық қызметтерді беру.

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігімен (бұдан әрі - Агенттік) шарттар шеңберінде Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру бойынша 2003 жылы Қоғаммен мынадай жұмыстар орындалды, олар:

жиырма мемлекеттік органдарда электронды құжат айналымының бірыңғай жүйесі (бұдан әрі - ЭҚАБЖ) бойынша бірінші кезекте ендіру және ЭҚАБЖ екінші кезекте

құру жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;

ЭҚАБЖ және "Жеке тұлға" Мемлекеттік дерекқорлары (бұдан әрі - МДҚ) жобаларын басқару;

"Мемлекеттік органдардағы ақпаратты-телекоммуникациялық ресурстарының Мемлекеттік тіркелімі" ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу және дамыту жөніндегі жұмыстары;

Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) және Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің веб-сайтын дамыту;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің веб-сайтын сүйемелдеу және дамыту;

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде пайдаланатын техникалық құралдарға қызмет көрсету.

2003 жылы мемлекеттік органдардың карауға ұсынылған ақпараттық жобалары мен техникалық ерекшеліктеріне сараптама жүргізілді.

2003 жылы Қоғам Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетіне қызмет көрсету және оны сүйемелдеу компьютерлік, желілік және перифериялық жабдықтау жөніндегі ұзақ мерзімді шарттың міндеттемелері бойынша жұмыстардың орындалуын жалғастырды.

Жыл ішінде Қоғам сонымен қатар 500-ден астам клиентке телекоммуникациялық ( Интернет, электронды пошта, Блумберг) қызмет көрсетулер ұсынды.

Есепті жылдың 4-ші тоқсанында Қоғамның қаржылық жай-күйін жақсарту мақсатында (2003 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша 111 млн. теңге соммасында залал алды), өндірілмейтін шығыстарды қысқарту арқылы шығыстарды оңтайландыру, сондай-ақ шығындарды жұмсауға қатаң бақылау қою іс-шаралары жүргізілді.

Нәтижесінде қаржылық-шаруашылық қызметтің 2003 жылғы 4-тоқсанының қорытындысы бойынша Қоғам 15,4 млн. теңге сомасында таза табыс алды.

Тұтастай алғанда 2003 жылы 443,7 млн. теңге сомасында табыс тапты, оның ішінде негізгі қызметтің табысы - 432 млн. теңгені, негізгі емес қызмет 11,7 млн. теңгені құрады.

Негізгі қызметтен табыстың құрылымы мынадай жағдайда жинақталды:

телекоммуникациялық қызметтерден - 45,5 млн. теңге;

бағдарламалы-аппараттық құралдарды жүйелі-техникалық қызмет көрсетуден және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін сүйемелдеуден - 186 млн. теңге;

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру бойынша жұмыстардан 167,6 млн. теңге; оның ішінде:

1) "Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын сүйемелдеу" 500 бюджеттік бағдарламасы бойынша - 10,9 млн. теңге;

2) "Заңды тұлғалар" Мемлекеттік дерекқорларын құру" 602 бюджеттік бағдарламасы бойынша - 11,8 млн. теңге;

3) "Мемлекеттік органдардың ЭҚАБЖ" 604 бюджеттік бағдарламасы бойынша - 87 млн. теңге;

4) 605 бюджеттік бағдарламасы бойынша "Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру" - 26 млн. теңге;

5) "Ақпаратты-телекоммуникациялық ресурстар жай-күйінің мониторинг жүйесін құру" 606 бюджеттік бағдарламасы бойынша - 21 млн. теңге;

6) "Электрондық мәліметтер алмасу стандарттарын құру" 607 бюджеттік бағдарламасы бойынша - 10,9 млн. теңге.

басқадай - 32,9 млн. теңге.

2003 жылы Қоғам 539,3 млн. теңге сомасында шығыстар жүргізді.

Шығыстар құрылымы былайша қалыптасты:

сатылған дайын өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың қызметтердің) өзіндік құны - 405,5 млн. теңге;

кезең шығыстары - 128,8 млн. теңге;

негізгі емес қызмет шығыстары - 5,1 млн. теңге.

Тұтастай алғанда 2003 жылдың қорытындысы бойынша Қоғам 95,6 млн. теңге мөлшерінде залалға түсті.

Залалға түсудің негізгі себептері:

1) телекоммуникациялық қызметтің олармен жеке телекоммуникациялық желілерін құруға немесе басқа провайдерлерге (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасы Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі) көшуіне байланысты клиенттердің бұлардан жаппай кетуінен телекоммуникациялық қызмет көрсетулерден түсетін кірістің 3 есе төмендеуі;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетімен жасасқан шарт бойынша соманың 2003 жылға 28,0 млн. теңгеге қысқартылуы.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігімен бастапқы МКМ N 1809/1 шарты 2001 жылғы 24 қазанда 3 жыл мерзімге жасасты.

Осы шартқа сәйкес 2003 жылға ҚҚС ескере отырып 241,6 млн. теңге көзделді. Дегенмен 2003 жылғы 18 наурыздағы N 2 қосымша келісімімен шарттың сомасы ҚҚС ескере отырып 213,6 млн. теңгеге өзгертілді;

3) Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігімен жасасқан шарттар бойынша кейбір іс-шаралардың орындалу мерзімі көшірілді.

Қоғамның шығынды қызметіне байланысты 2003 жылғы қорытындылар бойынша 6,6 млн. теңге көлемінде жоспарланған акциялардың мемлекеттік пакетіне дивиденттер аудару мен төлеу жүзеге асырылған жоқ. 2003 жыл бойы бюджетке салықтар және басқа да төлемдер жалпы сомаға 92,6 млн. теңге төленді, оның ішінде:

- әлеуметтік салық - 26,9 млн. теңге;

- жеке тұлғалардан табыс салығы - 15,8 млн. теңге;
- ҚҚС - 42,3 млн. теңге;
- корпоративтік табыс салығы - 4,5 млн. теңге;
- басқадай салықтар мен төлемдер - 3,1 млн. теңге.

## Параграф 2. 2004 жылдың қорытындысы

2004 жылы жалпы орындалған жұмыстардың көлемі 541,5 млн. теңгені құрады, оның ішінде негізгі қызмет бағыттары бойынша:
- мемлекеттік органдардың құралдарына техникалық қызмет көрсету және жүйелерді сервистік сүйемелдеу - 228,6 млн. теңге;
- телекоммуникациялық қызметтер көрсету - 34,7 млн. теңге.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалатын жұмыстар - 272,9 млн. теңге, оның ішінде:

1) "Заңды тұлғалар" Мемлекеттік дерекқорларын құру" 602 бюджеттік бағдарламасы бойынша - 4 млн. теңге;
2) "Ақпараттандыру саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеу" 003 бюджеттік бағдарламасы бойынша - 11,8 млн. теңге;
3) "Атаулы тіркелім" Мемлекеттік дерекқорларын құру" 005 бюджеттік бағдарламасы бойынша - 24,6 млн. теңге;
4) "Мемлекеттік органдардың ЭҚАБЖ құру" 007 бюджеттік бағдарламасы бойынша - 99,2 млн. теңге;
5) "Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру" 008 бюджеттік бағдарламасы бойынша - 58,5 млн. теңге;
6) "Ақпаратты-телекоммуникациялық ресурстар жай-күйінің мониторинг жүйесін құру" 009 бюджеттік бағдарламасы бойынша 20,2 млн. теңге;
7) "Ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету" 010 бюджеттік бағдарламасы бойынша - 47,8 млн. теңге;
8) "Мемлекеттік органдардың біріккен ақпараттық жүйелерін құру" 011 бюджеттік бағдарламасы бойынша - 6,8 млн. теңге;

басқадай жұмыстар мен қызметтерден - 5,3 млн. теңге.

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігімен шарттар шеңберінде Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру бойынша Қоғаммен мынадай жұмыстар орындалды:

ақпараттандыру және байланыс саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулік бөлігінде ақпараттық жүйелерді әзірлеу құны мен жұмыс ауқымын бағалаудың әдістеме жобасын және "Ақпараттандыру саласындағы стандарттау мен сертификаттау, метрологиялар проблемалары және ұлттық ақпараттық инфрақұрылымды құрудың" техникалық тапсырмасын әзірлеу;

Мемлекеттік дерекқорларын құру жобасы бойынша басқару және консалтингтік қызметтер;

мемлекеттік органдарда ЭҚАБЖ әкімшілендіру, мемлекеттік органдардың ЭҚАБЖ мен мұрағаттарын құру жобасы бойынша басқару және консалтингтік қызметтер;

ғылыми-техникалық құжаттамалар мен бағдарламалық кодтардың депозитариясын жүргізу және жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық ресурстары мен жүйелерін есепке алуға байланысты, "ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің Мемлекеттік тіркелімінің" ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу және дамыту;

мемлекеттік органдардың электрондық адрестер анықтамаларын сүйемелдеу, Қазақстан Республикасы Үкіметінің веб-сайтын техникалық сүйемелдеу, Интернет ресурстардың мониторингі, бағдарламалық кодтардың және нормативтік-техникалық құжаттамалардың депозитариясын жүргізу, Мемлекеттік бағдарлама жобасы бойынша пайдаланатын жабдықтарға жүйелі-техникалық қызмет көрсету;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының бірыңғай қорғалған мультисервистік көліктік ортасын құру жөніндегі (МО БКО) жобаны басқару және консалтингтік қызметтер, ТЭН, техникалық тапсырмасын әзірлеу;

мемлекеттік дерекқорлары үшін жіктеулер жобаларын әзірлеу.

Қазақстан Республикасының ақпараттық саясатын анықтайтын нормативтік құжаттардың кейбір жобаларын әзірлеуге қатысу Қоғаммен қабылданды.

Агенттіктің тапсырмасы бойынша мемлекеттік органдардағы техникалық ерекшеліктерге және ақпараттық жобаларға техникалық сараптама жүргізілді, Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында "электрондық үкіметті" қалыптастырудың 2005 - 2007 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына дайындық жүзеге асырылды.

2004 жыл бойы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеттерінің өңірлік бөлімшелерінде және орталық аппараттың ақпараттық жүйелерін әкімшілендіру мен сүйемелдеу техникалық құралдарға техникалық қызмет көрсету бойынша Қоғаммен (219,6 млн. теңге жалпы соммаға) қызметтер көрсетіліп және жұмыстар жүзеге асырылды. 2004 жылы тамыздан бастап Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының аппаратты-бағдарламалық құралдары және телекоммуникациялық құралдарды әкімшіліктендіру сүйемелдеу бойынша (9 млн. теңге сомасына) жұмыстар жүргізілді.

Телекоммуникациялық (Интернет, электрондық пошта) қызметтер көрсету бойынша орындалған жұмыстардың көлемі 34,7 млн. теңге (2003 жылмен салыстырғанда 10,8 млн. теңгеге азайды) құрады. Жыл аяғындағы бұл қызмет бағытындағы клиенттер саны 750-ден астам заңды және жеке тұлғаларды құрады.

2004 жылы қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындысы бойынша Қоғамның жалпы табысы жоспардағы 560,8 млн. теңгеден (97,8%) 548,3 млн. теңгені құрады. 2003

жылымен салыстыру бойынша (443,7 млн. теңге) 23,6% өсім құрады.

Негізгі қызметтен табыс жоспардағы 556,3 млн. теңгеден (жоспарды орындау 97,3%) 541,5 млн. теңгені құрады, оның ішінде:

мемлекеттік бағдарламаның орындалуына байланысты жұмыстар бойынша - 272,9 млн. теңге;

Қазақстан Республикасын мемлекеттік органдарының желілік; перифериялық және компьютерлік жабдықтарына жүйелі-техникалық қызмет көрсету бойынша - 228,6 млн. теңге;

телекоммуникациялық қызметтер бойынша - 34,7 млн. теңге;

өндірістік қызметтердің басқа да бағыттары бойынша - 5,3 млн.теңге. Негізгі емес қызметтен табыс жоспардағы 4,5 млн. теңгеден (151,1%) 6,8 млн. теңгені құрады.

Қоғам негізгі қызметінен бюджеттің табыс бөлігінің орындалмау себебі болып табылады: телекоммуникациялық қызметтер көлемінің төмендеуі; Қоғамның 2004 - 2006 жылдарға арналған дамыту Жоспарында көзделген мемлекеттік органдардың орталықтандырылған сервистік техникалық қызмет көрсетуге өту кестесін толық көлемде орындалмауы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 маусымдағы N 697 қаулысымен дамыту Жоспары бекітілді, ал мемлекеттік органдармен бұл мақсатқа бюджеттік қаражат ендігі орналасқан болатын.

2004 жылы Қоғамның жалпы шығысы жоспардағы 553,4 млн. теңгеден 493,3 млн. теңге (89,3%) құрады, ("үнемдеу" шығыстары 59,1 млн. теңге құрады). 2003 жылмен салыстырғанда жалпы шығыстар 46 млн. теңгеге немесе 9,1% азайды.

2004 жылы орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны 390,2 млн. теңгені құрады (78,9 % жалпы сома шығысынан); кезең шығыстары - 83,2 млн. теңге (16,8%); негізгі емес қызметке байланысты шығыстар - 19,9 млн. теңге (4,3%).

2004 жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындысы бойынша Қоғам салық салудан кейін 50,4 млн. теңге таза табыс алды, оның ішінде 46,3 млн.теңге жалпы акционерлердің жиналысының шешімімен резервтік капиталды толықтыруға бағытталды.

2004 жылға Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне салықтар мен басқа да төлемдер төленген сомасы 123,7 млн. теңгені құрады, оның ішінде:

әлеуметтік салық - 25,6 млн. теңге;

жеке тұлғалардан табыс салығы - 15,3 млн. теңге;

ҚҚС - 76,6 млн. теңге;

корпоративтік табыс салығы - 4,6 млн. теңге;

басқа да салықтар мен төлемдер - 1,6 млн. теңге.

2003 жылмен салыстырғанда ақша аудару өсімі және мемлекет бюджетіне төлем 31,1 млн. теңгеге, ол өндіріс өнімі көлемінің ұлғаюымен және қаржылық жай-күйінің тұрақтылығымен белгіленеді.

Қоғамның баға мен тарифтері, техникалық құралдарға сервистік жүйелік-техникалық қызмет көрсетудің, телекоммуникациялық қызметтердің және ақпараттық жүйелерді сүйемелдеудің Бағалар прейскурантына байланысты анықталып отырылды. Қоғам жобаларды басқаруға, консалтингтік қызметтерге байланысты орындайтын және оларды орындау жөніндегі еңбекті қажетсіну шығындарының есебі және жұмысшылардың санаттарына байланысты бір адам-сағат құны негізінде анықталады.

## Параграф 3. 2005 жылдың қорытындысы

2005 жылы жалпы орындалған жұмыстардың (қызметтердің) көлемі 594,8 млн. теңгені құрады, ол 2004 жылғы сәйкес көрсеткіш 53,2 млн. теңгеге артық, дегенмен жоспардан 11,7% төмен.

Мемлекеттік бағдарлама бойынша жұмыс көлемі 279 млн. теңгені құрады. Осы көрсеткіш 2004 жылғыдан іс-жүзінде 2,2% жоғары, дегенмен жоспардан 19,9% төмен.

Осы жұмыстар жөніндегі табыстардың құрылымы мынадай нұсқада көрінеді:

"Мемлекеттік дерекқорларын құру" 005 бағдарламасы бойынша 24,5 млн. теңге;

"Мемлекеттік органдардың ЭҚАБЖ құру" 007 бағдарламасы бойынша - 70,9 млн. теңге;

"Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру" 008 бағдарламасы бойынша - 39,2 млн. теңге;

"Ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету" 010 бағдарламасы бойынша - 120,3 млн. теңге;

"Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын құру" 011 бағдарламасы бойынша - 24,1 млн. теңге.

Сервистік жүйелі-техникалық қызмет көрсету, компьютерлік және басқадай есептеу техникалары, аппаратты-бағдарламалық кешендерді, желілер және ақпараттық жүйелерді әкімшілендіру және сүйемелдеу жөніндегі орындалған жұмыстардың көлемі - 287,6 млн. теңгені құрады, ол жоспардағы көрсеткіштен 6,4% және 2004 жылғы есепті көрсеткіштен 25,8% жоғары.

Телекоммуникациялық көрсеткен қызметтердің көлемі 22,8 млн. теңгені құрады, ол 2004 жылғы сәйкес көрсеткіштен 34,3 % және жоспардағы деректерден 58,5 % төмен.

Басқадай - 5,4 млн. теңге.

Басқадай табыстар құрамына тұрғындарға қызмет көрсету Орталығында белгіленген еңбек ақы шотына қызметтерді іске асырудан және сатып алынған құралдарды іске асырудан түскен табыс қосылады.

Жоспарды орындамаудың негізгі себептері болып табылады:

2005 - 2007 жылдарға арналған Қоғамның Даму жоспарында жоспарлағандықтан аз сомаға бюджеттік даму бағдарламасы бойынша шарттар жасасу. Солай, "Мемлекеттік

органдардың бірыңғай көліктік ортасын құру" 011 бағдарламасы бойынша 2005 жылы мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы пилоттық жобасының екінші мерзіміндегі техно-жұмыстық жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс қарастырылған. Осы жұмыстар іс-жүзінде жүргізілмеді және техно-жұмыс жобасын әзірлеу 2006 жылға шегерілді:

басқа провайдерлерге клиенттердің қайтуынан көрсетілген телекоммуникациялық қызметтер көлемі төмендеді;

орталықтандырылған сервистік жүйелі-техникалық қызмет көрсетудегі ұлттық операторына өту кестесін министрліктер сақтамағандығынан 2006 жылға көшірілді.

Өндірістік жоспар (жасасқан шарттар бойынша жұмыстар) 99,1 % орындалды деп атап өту қажет.

2005 жылы қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындысы бойынша Қоғамның жалпы табысы жоспардағы 678,6 млн. теңгеден (88, 8%) 602,9 млн. теңгені құрады. Іс жүзіндегі табыстың мөлшері 2004 жылғы сәйкес көрсеткіштен 9,9% асады, ол ақшалай білдіргенде 54,5 млн. теңгені құрайды.

Телекоммуникациялық қызметтерден көрсеткен табыс 22,8 млн. теңгені құрады, ол 2004 жылғы сәйкес көрсеткіштен 34,3 % төмен және жоспардағы деректерден 58,5 % төмен. Сервистік жүйелі-техникалық қызмет көрсету, компьютерлік және басқадай есептеу техникалары, аппаратты-бағдарламалық кешендерді, желілер және ақпараттық жүйелерді әкімшіліктендіру және сүйемелдеу жөніндегі орындалған жұмыстардан түскен табыс 287,6 млн. теңгені құрады, ол жоспардағы көрсеткіштен 6,4% және 2004 жылғы есепті көрсеткіштен 25,8% жоғары. Мемлекеттік бағдарлама бойынша табыс 279 млн. теңгені құрады. Осы көрсеткіш іс жүзіндегі 2004 жылы 2,2% жоғары, дегенмен жоспардағыдан 19,9% төмен. Басқадай табыстар 5,4 млн. теңгені құрады.

Қоғам бюджетінің табыс бөлігінің орындалмауының негізгі себептері, орталықтандырылған сервистік жүйелі-техникалық қызмет көрсетудегі ұлттық операторына өту кестесін министрліктер сақтамағандығы және Даму жоспарында жоспарлағандықтан аз сомаға бағдарламалар бойынша жасасқан шарттары, жоғарыда көрсетілген сияқты көрсетілген телекоммуникациялық қызметтер көлемінің төмендеуі, болып табылады.

Негізгі емес қызметтен табыс жоспарланған 5 млн. теңгеден (162%) 8,1 млн. теңгені құрады. Негізгі емес қызмет жөніндегі табыстардың негізгі баптары депозитке орналастырылған уақытша еркін ақшалар қалдығына сыйақы жөніндегі табыс болып табылады, ол орналасқаннан табыс 6,5 млн. теңгені құрады. Негізгі емес қызметтен басқадай табыс өзіне: бағамдық айырмашылықтан табысты, негізгі құралдарды іске асыруды, оқуға арналған шығынды өтеуді және т.б. қосады және 1,6 млн. теңгені құрады. 2004 жылғы көрсеткіш 6,8 млн. теңгені құрады.

2005 жылға Қоғамның шығыны жоспарланған 626,8 млн. теңгеден (90,7%) 568,3 млн. теңгені құрады. ("үнемдеу" шығындары 58,4 млн. теңгені құрады). Іс жүзіндегі

табыстың мөлшері 2004 жылғы сәйкес көрсеткіштен 15 % асады, ол ақшалай эквиваленте 75 млн. теңгені құрайды.

2005 жылға орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны 449,5 млн. теңгені (89,4%) құрады, ол жоспарлы көрсеткішпен салыстырғанда 53,0 млн. теңгеге төмен және 2004 жылғы сәйкес мерзімдегі көрсеткіш 59,4 млн. теңге асады.

Өзіндік құнның айтулы өсімі негізінен мынадай мәндерімен:

еңбек ақы төлеу шығынының ұлғаюына 69 млн. теңге;

еңбек ақыдан төленетін жарнаның ұлғаюына 11,2 млн. теңге;

өндірістік үй-жайды жалға алу шығынының ұлғаюына 6,1 млн. теңге;

кадрларды дайындау шығынының ұлғаюына 5 млн. теңге;

Осы шығындар сомасының ұлғаю себебі 2004 жылмен салыстырғанда өндірістік персонал санының 97 адамға өсімі болып табылады.

Сонымен қатар, 2004 жылмен салыстырғанда өзіндік құнның кейбір баптарының кесімінде шығын сомасының төмендеуі 2005 жылдың қорытындысында байқалады. Атап айтқанда, өтелімді шығаруға арналған 25,6 млн. теңгеге және байланыс қызметтерін сатып алудың шығындарына арналған 10,8 млн. теңге төмендеуі байқалады.

Кезең шығыстары - 88,9 млн. теңге. Кезең шығыстары бойынша шығынның бөлігінде тұтастай жоспарлық көрсеткіштермен салыстырғанда үнемдеу 10,6% байқалды.

Негізгі емес қызметтен шығыстар - 2,5 млн. теңге.

2005 жылы салық салғанға дейінгі табыс 61,9 млн. теңгені құрады, ол былтырғы жылғы сәйкес кезеңдегіден көрсеткіш 12,6% асады және жоспарланған деңгейден 12,2 млн. теңгеге төмен.

2005 жылғы есептелген корпоративтік табыс салығының мөлшері 27,4 млн. теңгені құрады, ол былтырғы жылғы кезеңдегіден 6 есеге асады және жоспарланған деңгейден 5,2 млн. теңгеден жоғары.

2005 жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындысы бойынша Қоғаммен 34,5 млн. теңге мөлшерінде таза табыс алынды. (жоспардағы 51,9 млн. теңге таза табыс ).

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне есепті кезеңде төленген салықтар және басқа да төлемдер 173,1 млн. теңгені құрады, оның ішінде республикалық бюджетке 171,9 млн. теңге, олардан:

қосылған құн салығы бойынша - 64,0 млн. теңге;

әлеуметтік салық бойынша - 38,0 млн. теңге;

жеке табыс салығы бойынша - 25,1 млн. теңге;

аванстық төлем жөніндегі корпоративтік табыс салығы бойынша - 44,6 млн. теңге;

резидент еместер үшін корпоративтік табыс салығы бойынша - 0,2 млн. теңге.

Жергілікті бюджетке төленген салықтардың сомасы - 1,2 млн. теңге.

Қоғам орындайтын негізгі жұмыстар түрлерінің құны және жобаларды басқаруға, консалтингтік қызметтерге, ақпараттық ресурстарға жүйелі-техникалық қызмет көрсету мен сүйемелдеуге байланысты көп еңбекті қажетсінетін олардың орындалу жөніндегі шығынның және адам-сағат құнының негізінде анықталады. Бір адам-сағаттың құны осы жұмысты орындайтын мамандардың еңбек ақысының қорын, шығыс материалдарының құнын, жөнелтпе құжат пайыздық мөлшерлемесі мен жалпы және әкімшілік шығындарын мамандардың еңбек ақысына және рентабелдікке қосады. Қоғаммен көрсетілетін телекоммуникациялық қызметтерге тарифтер: бір жолғы (бір рет), оған жататын қызметтер: пайдаланушыны тіркеу, портты, модемді инсталляциялау, клиенттерді оқытып-үйрету IP-кіруді ұсыну және басқалары сияқты - бір жолғы және 1-бөлігі берілген портты жалдағаны үшін абоненттік төлемақы, трафик, электрондық почтамен жұмыс істеген уақыты үшін төлемақы, ақпаратты қабылдағаны және бергені үшін төлемақы, почта жәшігін жалдағаны үшін абоненттік төлемақы және басқалары сияқты ай сайынғы болып бөлінеді. 1-бөлініп берілген портты жалдағаны үшін абоненттік төлемақы тарифтері ақпаратты беру жылдамдығына байланысты сараланады.

Қоғам қызметкерлерінің тізімдік саны 2006 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша 371 адамды құрады. Есеп беру кезеңіне тізімдік санның серпінін талдай отырып былтырғы жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда персонал санының 77 адамға ұлғаюын атап өтуге болады.

## 4. Қоғам өткізетін іс-шаралар

Қазақстан Республикасының 2003 - 2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму стратегиясын іске асыруға Қоғам қатысуын жалғастыруда. Сонымен, басқа да жұмыстармен қатар, электрондық коммерцияны енгізу, мемлекеттік сатып алу саласындағы электрондық тендерлердің механизмін енгізу мақсатында, Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігімен шартты түрде Қазақстан Республикасында электрондық цифрлық қолды растау орталығы жүйесінің сәулетін жасау және базалық растау орталығын салу жұмыстары атқарылып жатыр.

Ақпараттандыру саласындағы кезекті қаржылық жылға мемлекеттік органдардың бюджетін жоспарлау үшін нормативтерді дайындау жөніндегі жұмыстар жалғасуда. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу кезінде жұмыс құнын және еңбекті көп қажетсінетін жұмыстың Қоғаммен есеп әдістемесі әзірленді.

Жасасқан шарттарға сәйкес Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі Қоғаммен жобаларды басқару және жұмыстарды орындау мониторингі жүргізілуде. Мемлекеттік бағдарлама сегіз бағыт бойынша іс-шараларды көздейді ( нормативтік-құқықтық және әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру; "электрондық

үкімет" қызметтеріне қол жетімдікті қамтамасыз ету, ақпаратты-коммуникациялық технологиялар саласындағы оқу деңгейін жоғарлату және ақпараттық теңсіздікті жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру; мемлекеттік органдардың" электрондық қызметтерін қалыптастыру және дамыту; "электрондық үкімет" инфрақұрылымының базалық құрамдас бөлігін қалыптастыру; жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық ресурстары мен жүйелерін құру; "электрондық үкіметтің" ақпараттық инфрақұрылымын қорғауды қамтамасыз ету; Бағдарламаны орындаудың қоғамдық қолдауын қамтамасыз ету. 2005 жылғы 1 шілдедегі жай-күйі бойынша Қоғаммен Бағдарламаны іске асыру барысы туралы есеп дайындалды.

Ақпараттандыру саласында әдістемелік база мен стандарттарды, нормативті-құқықтық талдауды және өзектендіруді құру бойынша жұмыстар жалғасуда . Техникалық Кеңес Хатшылығының ТК 34 жұмыстарын ұйымдастыру бойынша жоспарланған іс-шара жүргізілуде.

Азаматтар мен ұйымдарға еркін қол жетімдігі үшін Интернет желісінде http:// reginfo.kz адресі бойынша орналасқан жасасқан шарттарға сәйкес бір қатар мемлекеттік органдарын, "ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелердің Мемлекеттік тіркелімін", Үкіметтің Web-сайтын дамыту бойынша Қоғаммен жұмыстар жүзеге асырылуда.

Қоғамның барлық қызметтері бейімдік болып табылады, сондықтан Іс-шаралар жоспарында бейімдік емес қызметтерді шағын және орта бизнестің бәсекелестік ортасына беру жұмыстары қаралмаған.

Қоғам ақпараттық технологиялар саласындағы жетекші халықаралық компанияларымен әріптестік қарым-қатынасты жолға қоюды жалғастыруда. Мәселен, Siemens АО компаниясымен, D21 (Германия) Қоғамымен, Crimson Logic-пен (Сингапур ), Молдова Республикасы Ақпараттандыру департаментімен, Samsung LG, КТ; BEA; Humminbird өзара қарым-қатынасты жолға қою жалғасуда, Oracle, Cisco және т.б. әріптестік қарым-қатынасқа қол қою жоспарлануда. Сондай-ақ "Қаржы жүйелерін ақпараттандыру орталығы" РМК, "Ұлттық процессингілік орталығы" АҚ, " Электрондық коммерция орталығы" РМҚК және басқалары сияқты қазақстандық мемлекеттік компаниялармен өзара әріптестікті дамыту жоспарлануда.

## 5. Қоғамды дамытудың 2006 - 2008 жылдарға арналған жоспары

### Параграф 1. Мақсаттар мен міндеттер

Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымы дамуында, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін біріктіру проблемаларының орын алуы жалғасуда.

Мемлекеттік органдарда деректер берудің бірыңғай желісінің жоқтығы,

ведомствоаралық деректер базасын біріктірудің аяқталмауы, нормативтік базаның дайын болмауы және т.б. кедергі келтіріп отырған жайыттар.

Қоғамның жоспарланған мерзімдегі негізгі мақсаты электрондық үкіметті құру және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері аяғынан тұруына жәрдемдесу үшін базалық инфрақұрылым қалыптастыру болып қалу жалғасуда.

Осыған байланысты 2005 - 2007 жылдарға арналған "электрондық үкіметті" қалыптастырудың Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2006 жылға арналған негізгі міндеттері болып табылады:

Жасасқан шарттарға сәйкес "электрондық үкіметті" қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды атқару жұмыстарына қатысу. Оның ішінде:

жобаларды басқару және "электрондық үкіметті" инфрақұрылымына қызмет көрсету, ақпараттық жүйелерді қамтамасыз етушіні құру және мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстары мен жүйелерін біріктіру;

МО БКО құру, МО БКО әкімшілендіру және жүйелі-техникалық қызметтер көрсету, МО БКО арналған техникалық тапсырмада көзделген, телекоммуникациялық қызметтердің барлық спектрмен мемлекеттік органдарды қамтамасыз ету;

мемлекеттік органдардың ақпарат жүйелеріне жүйелі-техникалық қызметтер көрсетуі мен сүйемелдеуді қамтамасыз ету үшін Қоғамның сервистік орталықтарын қалыптастыру, телекоммуникациялық қызметтер көрсету.

## Параграф 2. Қойылған міндеттерге қол жеткізудің жолдарын таңдау

Қоғаммен алға қойылған мақсатқа жету үшін 2006 жылы мынадай негізгі қызметтік бағыттарды дамытуды жалғастыру жоспарлануда:

ақпараттық технологиялар саласындағы алдыңғы қатарлы халықаралық компаниялардың тәжірибесін зерделеу және ынтымақтасу;

оқытып-үйрету және жоғары білікті ұжым қалыптастыру;

Қазақстан Республикасы ұлттық ақпараттық инфрақұрылымының нормативтік құқықтық базасын қалыптастыру мен жетілдіруге қатысу;

## Ақпараттандыру саласындағы алдыңғы қатарлы халықаралық компаниялардың тәжірибесін зерделеу мен ынтымақтасу

Дамыған елдердің "электрондық үкіметті" іске асыру тәжірибесін үйрену жөнінде ақпараттандыру саласындағы жетекші халықаралық ақпараттық технологиялар саласындағы компанияларымен серіктестік қатынастарды жолға қою жұмыстарын 2006 жылы Қоғам жалғастырады.

Халықаралық байланыстарды кеңейту, семинарларға, симпозиумдарға, көрмелерге, бірлескен жобаларға қатысу және т.б. арқылы ақпараттық технологиялар саласындағы

алдыңғы қатарлы халықаралық компаниялардың тәжірибесін зерделеу Қоғамға неғұрлым қолайлы кешендік шешімдерді іске асыру үшін мүмкіндік береді.

## Оқытып-үйрету және жоғары білікті ұжымды қалыптастыру

Қоғам қызметкерлерін оқытып-үйрету, қайта даярлау, біліктілік деңгейін әрдайым көтеріп отыру алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін қажетті шарттар болып табылады.

Қызметтің негізгі бағыттарына байланысты елдің, алыс және жақын шетелдердің жетекші оқу орталықтарында Қоғамның мамандарын даярлау: жобаларды басқаруға, ақпараттық ресурстарының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, желілік технологияларға, операциялық жүйелерді сүйемелдеуге, құжаттарды басқару жүйелеріне (Documentum, Humminbird және т.б.) және дерекқорларды басқару жүйелеріне (DB2, Oracle, SYBASE және т.б.) жалғасатын болады. Әртүрлі өндірушілердің серверлеріне жүйелік-техникалық қызметтер көрсетуге, телекоммуникациялық жабдықтарын әкімшіліктендіруге және жүйелі-техникалық қызметтер көрсетуге мамандарды оқыту жөніндегі жұмыстар жалғасатын болады.

Жобаларды басқару жөніндегі жұмыстарды сапалы орындау үшін Қоғам қызметкерлері 2006 жылы басқарушылық шешімдерді құжаттау мен оларды бақылау рәсімдеріне жоғары талаптарды көздейтін ISO-9001 сапалы сертификат алу жөніндегі іс-шаралар өткізуді жалғастырады.

## Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы нормативтік құқықтық базасын қалыптастыру мен жетілдіруге қатысу

Қазақстан Республикасының ақпараттық инфрақұрылымын дамыту нормативтік құқықтық базаны жетілдірусіз мүмкін емес. Осы мақсатта 2006 жылы ақпараттандыру саласында мыналарды реттейтін нормативтік құқықтық кесімдердің бірқатар жобаларын әзірлеуге қатысу жоспарлануда:

растайтын орталық қызметін;

мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын;

мемлекеттік органдардың жалпы ақпараттық ресурстарға қол жетімдігін;

ақпараттандыру саласындағы қазақстандық заңнамаларды халықаралық стандарттарға кезең-кезеңмен сәйкес келтіру мақсатында ақпаратты қорғауды ұйымдастыруды және т.б..

18 ұйымды 4 мемлекеттік органды (ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігін, ҚР Ұлттық банкін және басқаларды) қамтитын Қоғам жанындағы қолданыстағы ақпараттандыру жөніндегі ТК-34 техникалық комитеті (ҚР Мемстандарттың 2001 жылғы 27 маусымдағы N 274 бұйрығы) бұл бағытта жұмыстарды жалғастырады.

## Параграф 3. Қоғамның 2006 - 2008 жылдарға жоспарлаған іс-шаралары

Жасасқан шарттарды және қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдана отырып, дамыған елдердің тәжірибесі негізінде іске асырылатын "Электрондық үкіметті" қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру Қоғамның негізгі міндеті болып табылады.

Қоғам қызметі Қазақстан Республикасында "электрондық үкіметті" қалыптастырудың 2005 - 2007 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі жоспарында көзделген іс-шараларды іске асыруға бағытталады:

нормативтік құқықтық және әдіснамалық қамтамасыз етуді жетілдіру;

ақпаратты-коммуникациялар технологиялар саласындағы оқу деңгейін жоғарлату және ақпараттық теңсіздікті жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, "электрондық үкіметтің" қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету;

мемлекеттік органдардың электрондық қызметтерін қалыптастыру және дамыту;

"электрондық үкімет" инфрақұрылымының базалық құрамдас бөлігін қалыптастыру ;

жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық ресурстары мен жүйелерін құру;

"электрондық үкіметтің" ақпараттық инфрақұрылымын қорғауды қамтамасыз ету;

Бағдарламаны орындаудың қоғамдық қолдауын қамтамасыз ету.

Жұмыс кезінде жоғарыда аталған бағыттар бойынша мақсаттар көзделеді:

"электрондық үкіметтің" дамуына жәрдемдесетін мөлдір және тұрақты құқықтық база мен стандарттар құру;

мемлекеттік құралдардың ақпараттық ресурстары мен жүйелерін сертификаттау, сәйкестендіру және стандарттау;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, қоғамдық бірлестіктерін, шаруашылық субъектілерін және тұрғындарын "электрондық үкіметтің" қызметтеріне әмбебап қол жетімдікті қамтамасыз ету;

электрондық оқу мекемелерін және кітапханаларды құруды қолдау арқылы тұрғындардың білім деңгейін жоғарлатуға жәрдемдесу;

софт - технологияларды және ұлттық индустрияның бағдарламалық құралдарын жан-жақты қолдау;

Бұл мақсатта ақпараттандыру саласында тәжірибені алмасу жөніндегі және бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыруда шетелдік жетекші IT компаниялармен қарым-қатынасты дамыту және кеңейту жоспарлануда.

Мемлекеттік бағдарламаның іс-шараларын іске асыру шеңберінде келісім негізінде, келесі жобалар бойынша атқару және консалтингтік қызметтер көрсету жұмыстары жүзеге асырылатын болады:

"Жеке тұлғалар" Мемлекеттік базасының" ақпараттық жүйесін құру";

"Заңды тұлғалар" Мемлекеттік базасының" ақпараттық жүйесін құру";
"Атаулы тіркелім" ақпараттық жүйесін құру";
"Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін құру";
"Жылжымайтын мүлік тіркелімі" ақпараттық жүйесін құру".

Бұдан басқа "ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің Мемлекеттік тіркелімі", "Бағдарламалық кодтар және нормативтік-техникалық құжаттамалар депозитариясы" және "Сараптама жүйесі және сынақ зертханасы" ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу және дамыту бойынша жұмыстар жүзеге асырылатын болады.

2006 - 2008 жылдары ведомствоаралық ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу бойынша жұмыстар ауқымын ұлғайту жоспарлануда. 2005 - 2007 жылдарға арналған электрондық үкіметті іске асыру барысында мемлекеттік органдарда электрондық құжат айналымы жүйесін сүйемелдеуін жүзеге асыру, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және мемлекеттік органдардың Web-сайттарын сүйемелдеу мен дамыту, мемлекеттік деректер қорларын сүйемелдеу жоспарлануда.

2006 - 2008 жылдары мүмкіндігінше МО БКО кезең-кезеңімен құру және кеңейту МО БКО әкімшіліктендіру және жүйелі-техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстар көлемін ұлғайту жоспарлануда.

Жасасқан шарттардағыдай 1 кестеге сәйкес Мемлекеттік бағдарламаның іс-шараларын кезең-кезеңмен іске асыруға Қоғам қатысатын болады. 2005 жылдан е-үкіметтің 1-ші кезеңін іске асыру жөніндегі жұмыстары басталды.

**е-үкіметті іске асырудың кезеңдері**

1-кесте

| **1. Нормативтік-құқықтық және методологиялық қамтамасыз етуді жетілдіру** | | | |
|---|---|---|---|
| **Жылдар** | **2006** | **2007** | **2008** |
| | 1)ақпараттандыру саласындағы түрлі аспектілерді реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына талдау жүргізу жөніндегі жұмысына қатысу;<br>2)»электрондық үкіметтің» ақпараттық жүйелері айналымындағы хабарламаларды, алмасуларды, өңдеулерді, рәсімдеудің бірыңғай ережесін әзірлеуге қатысу;<br>3) Қазақстан Республикасының « Ақпараттандыру туралы» Заңына өзгерістер мен толықтыруларды қалыптастыруына қатысу; | 1) электрондық қызметтер мен деректерді біріктіретін бірыңғай механизмдерді, оның ішінде жалпымемлекеттік жіктеулерді | 1) электрондық қызметтер мен деректерді біріктіретін бірыңғай механизмдерді, оның ішінде жалпы мемлекеттік жіктеулерді және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 4) мемлекеттік электрондық қызметтерді, құру, қабылдау, сүйемелдеу және дамыту, сондай-ақ оларды құжаттандырудың стандарттық нысандары жөніндегі реттемесін әзірлеуге қатысу;<br>5) мемлекеттік басқару жүйелерін жаңғырту жөніндегі әкімшілік рәсімдеудің реинжинирингін жүргізудің тетіктерін әзірлеу мақсатында, мемлекеттік қызметтер көрсету реттемелерінің талдауын жүргізуге қатысу; | және анықтамаларды қамтамасыз ететін ұлттық стандарттарын әзірлеуге қатысу. | анықтамаларды қамтамасыз ететін ұлттық стандарттарын әзірлеуге қатысу. |
| | б) электрондық қызметтер мен деректерді біріктіретін бірыңғай механизмдерді, оның ішінде жалпымемлекеттік жіктеулерді және анықтамаларды қамтамасыз ететін ұлттық стандарттарын әзірлеуге қатысу. | | |
| **2. АКТ саласында білім деңгейін жоғарлату және ақпараттық теңсіздікті жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру,» электрондық үкіметтің қызметтеріне қол жетімдігін қамтамасыз ету** | | | |
| | 1) ведомствоаралық ақпараттық жүйелерімен жергілікті атқарушы органдарының ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимыл жасау талдауына қатысу;<br>2)»электрондық үкімет құзыреттілігінің Орталығын құруға қатысу;<br>3)»электрондық үкімет порталы арқылы мемлекеттік органдармен электрондық өзара іс-кимыл жасасу негізінде тұрғындарды қашықтан оқыту Орталығын құруға қатысу;<br>4) ақпараттық технологияларды пайдалану саласындағы тәжірибені тарату жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыруға қатысу. | 1)»электрондық үкімет құзыреттілігінің Орталығын құруға қатысу;<br>2)»электрондық үкіметтің порталы арқылы мемлекеттік органдармен электрондық өзара іс-қимыл жасау негізінде тұрғындарды қашықтан оқыту Орталығын құруға қатысу;<br>3) электрондық қызметтерге қоғамдық қол жетімдік желі пункттерін құруға қатысу;<br>4) ақпараттық технологияларды пайдалану саласындағы тәжірибені тарату жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыруға қатысу. | 1) ақпараттық технологияларды пайдалану саласындағы тәжірибені тарату жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыруға қатысу. |
| **3. Мемлекеттік органдардың** | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **электрондық қызметтерін қалыптастыру және дамыту** | | | |
| | 1) "электрондық үкімет"»порталы арқылы электрондық қызметтерін беру рәсімдерінің жүзеге асырылуына қатысу. | 1)»"электрондық үкімет"»порталы арқылы электрондық қызметтерін беру рәсімдерінің жүзеге асырылуына қатысу. | 1)»"электрондық үкімет" порталы арқылы электрондық қызметтерін беру рәсімдерінің жүзеге асырылуына қатысу. |
| **4.»"Электрондық үкімет" инфрақұрылымының базалық құрамдас бөлігін қалыптастыру** | | | |
| | 1)»"электрондық үкімет" инфрақұрылымының базалық құрамдас бөлігін қалыптастыруға арналған техникалық тапсырмасын әзірлеуге қатысу;<br>2)»"электрондық үкіметтің" порталы мен шлюзін құруға және дамытуға қатысу;<br>3) мемлекеттік органдар үшін электрондық цифрлық қолдың растайтын орталығын құруға және дамытуға қатысу;<br>4) Қазақстан Республикасының ұлттық идентификациялық жүйесінің ашық кілттер инфрақұрылымын дамытуға қатысу;<br>5)»"Жеке тұлғалар", "Заңды тұлғалар", "Атаулы тіркелім" мемлекеттік деректерқорларын дамытуға қатысу;<br>6) ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің Мемлекеттік тіркелімін дамытуға қатысу;<br>7) бірыңғай көліктік ортаны құруға қатысу;<br>8) Астана қаласындағы мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын құру жөніндегі пилоттық жобаны іске асырудың талдауын жүргізу және мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын ары қарай дамытуды қалыптастыруға қатысу;<br>9) серверлік орталықты | 1)»"электрондық үкіметтің"» порталы мен шлюзін құруға және дамытуға қатысу;<br>2) мемлекеттік органдар үшін электрондық цифрлық қолдың растайтын орталығын дамытуға қатысу;<br>3)»"электрондық үкіметтің"» мұрағаттық орталығын құруға қатысу;<br>4) бірыңғай»ақылы шлюзді» әзірлеуге қатысу;<br>5) "Жеке тұлғалар", "Заңды тұлғалар", "Атаулы тіркелім" мемлекеттік деректерқорларын дамытуға қатысу;<br>6) ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің Мемлекеттік тіркелімін дамытуға қатысу;<br>7) бірыңғай көліктік ортаны құруға қатысу;<br>8) Қазақстан Республикасының ұлттық идентификациялық жүйесінің ашық кілттер инфрақұрылымын дамытуға қатысу;<br>9) серверлік орталықты технологиялық жабдықтау жөніндегі жұмыстарды жалғастыруға қатысу. | 1) "электрондық үкіметтің " порталы мен шлюзін дамытуға қатысу;<br>2) бірыңғай" ақылы шлюзді" дамытуға қатысу;<br><br>3) "Жеке тұлғалар", " Заңды тұлғалар", Атаулы тіркелім" мемлекеттік деректерқорларын дамытуға қатысу;<br>4) Қазақстан Республикасының ұлттық идентификациялық жүйесінің ашық кілттер инфрақұрылымын дамытуға қатысу;<br>5) бірыңғай көліктік ортаны құруға және дамытуға қатысу;<br>6) серверлік орталықты технологиялық жабдықтау жөніндегі жұмыстарды жалғастыруға қатысу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | технологиялық жабдықтауға қатысу. | | |
| **5. Ведомствоаралық және үлгілік ведомстволық ақпараттық жүйелер құру және дамыту** | | | |
| | 1) мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымы бірыңғай жүйесін дамытуға қатысу;<br>2) мемлекеттік органдардың Интранет-порталын әзірлеуге қатысу;<br>3)»"Жылжымайтын мүлік" ақпараттық жүйесінің дамытылуына қатысу. | 1) мемлекеттік органдардың Интранет-порталын ендіруге және дамытуға қатысу;<br>2)»"Жылжымайтын мүлік" ақпараттық жүйесінің дамытылуына қатысу. | 1) Интранет-порталды дамытуға қатысу;<br>2)»Жылжымайтын мүлік» ақпараттық жүйесінің дамытуына қатысу. |
| **6. Жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық ресурстары мен жүйелерін құру** | | | |
| | 1) жергілікті атқарушы органдарының ақпараттық ресурстары мен жүйелерін қалыптастыру үшін үлгілік жобалы шешімін әзірлеуге қатысу ; | 1) жергілікті атқарушы органдарының ақпараттық ресурстары мен жүйелерін қалыптастыру үшін үлгілік жобалы шешімін әзірлеуге қатысу; | |
| **7.»"Электронды үкіметтің" ақпараттық инфрақұрылымын қорғауды қамтамасыз ету** | | | |
| | 1) "электрондық үкімет" ақпараттық қауіпсіздік инфрақұрылымының тұжырымдамасын әзірлеуге қатысу;<br>2)"электрондық үкіметті" құру шеңберінде ақпаратты қорғау саласындағы ұлттық стандарттарын әзірлеуге қатысу;<br>3) "электрондық үкімет" ақпараттарының техникалық қорғау жүйелерін құруға арналған техно-жұмыстық жобасын және техникалық тапсырмасын әзірлеуге қатысу;<br>4) қауіпсіздік талаптарына сәйкес бағдарламалық өнімдер мен техникалық құралдардың сертификациялануын жүргізу | 1) мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстары мен жүйелерін қорғау жөніндегі ұйымдастырушылық-техникалық іс-шарасын жүргізуге қатысу;<br>2)»"open source" технологиялық базасында қорғалған ұлттық операциялық жүйені құруды әзірлеуге қатысу. | 1) мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстары мен жүйелерін қорғау жөніндегі ұйымдастырушылық техникалық іс-шарасын жүргізуге қатысу;<br>2)»"open source" технологиялық базасында қорғалған ұлттық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жөніндегі жұмыстарына қатысу;<br>5) мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстары мен жүйелерін қорғау жөніндегі ұйымдастырушылық-техникалық іс-шарасын жүргізуге қатысу;<br>6) "open source" технологиялық базасында қорғалған ұлттық операциялық жүйені құруды әзірлеуге қатысу. | | операциялық жүйені құруды әзірлеуге қатысу. |
| **8. Бағдарламаны орындаудың қоғамдық қолдауын қамтамасыз ету** | | | |
| | 1) мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен АКТ жөніндегі көрмені өткізуге қатысу ;<br>2)»"электрондық үкіметті" іске асыру мәселелері бойынша жарнамалық материалдар мен талдаулық шолуларды дайындау және таратуға қатысу;<br>3)»"электрондық үкіметті" іске асыру мәселелері бойынша жыл сайынғы ғылыми-тәжірибелік конференцияларды өткізуге қатысу;<br>4)»"электрондық үкіметті" құру жөніндегі іс-шаралардың орындалу мониторингін жүзеге асыруына қатысу;<br>5)»"электрондық үкіметтің" іске асыру барысының ақпаратты-техникалық қолдау сайтын құру және қамтамасыз ету. | 1) мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен АКТ жөніндегі көрмені өткізуге қатысу ;<br>2)»"электрондық үкіметті" іске асыру мәселелері бойынша жарнамалық материалдар мен талдаулық шолуларды дайындау және таратуға қатысу;<br>3)»"электрондық үкіметті" іске асыру мәселелері бойынша жыл сайынғы ғылыми-тәжірибелік конференцияларды өткізуге қатысу;<br>4) құрылған»электрондық үкімет» жөніндегі іс-шаралардың орындалу мониторингін жүзеге асыруына қатысу;<br>5)»"электрондық үкіметтің" іске асыру барысын жариялайтын ақпаратты-техникалық қолдау сайтын қамтамасыз ету. | 1) құрылған "электрондық үкімет" жөніндегі іс-шаралардың орындалу мониторингін жүзеге асыруына қатысу;<br>2)»"электрондық үкіметтің" іске асыру барысын жариялайтын ақпаратты-техникалық қолдау сайтын қамтамасыз ету. |

## Параграф 4. Өнім өндірудің даму серпіні

Қоғамның жоспарлы кезеңге өндірістік қызметі үш негізгі бағыт бойынша жұмыстарды жалғастыруды көздейді:

Мемлекеттік бағдарлама шеңберіндегі іс-шараларды орындау, мемлекеттік органдардың ақпарат жүйелеріне жүйелік-техникалық қызмет көрсету мен сүйемелдеу, телекоммуникациялық қызметтер көрсету.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде ведомствоаралық ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу бойынша жұмыстар мен қызметтер көлемін ұлғайтып оларды мүмкіншілігінше тәжірибелі пайдалануға тапсыруды, оның ішінде мемлекеттік органдардың бірыңғай мультисервистік көліктік ортасын құру және оған қызмет көрсету жөніндегі жұмыстар жоспарлануда. Бұдан басқа, 2006-2008 жылдар ішінде

ақпараттандыру саласындағы жобаларды басқару, нормативтік-әдістемелік базаны жетілдіру, ақпарат ресурстарының мониторингі жөніндегі жұмыстарды жалғастыру, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүргізу көзделуде.

Мемлекеттік органдарды орталықтандырылған сервистік жүйелі-техникалық қызмет көрсетуге және міндеттер мен жүйелердің үлгілік әкімшілік-басқару кешендерін сүйемелдеуге мемлекеттік органдардың ақпарат жүйелеріне сервистік жүйелі-техникалық қызмет көрсету және сүйемелдеу жөніндегі жұмыстар жалғасуда. Бұл ретте жұмыстар мен қызмет көрсетулерді орындау бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшілерімен шарттық негізде жүзеге асырылатын болады.

2005 жылы Қоғамның орталықтандырылған сервистік жүйелік-техникалық қызметіне келесі мемлекеттік органдар көшті: Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі, Индустрия және сауда министрлігі, Әділет министрлігі, Орталық сайлау комиссиясы. Төменде, Ақпараттық қызмет көрсету саласындағы ведомствоға қарасты мекемелері жоқ қалған мемлекеттік органдарының орталықтандырылған сервистік жүйелі-техникалық қызметіне көшу кестесі төменде келтірілген.

**Мемлекеттік органдардың орталықтандырылған сервистік жүйелік-техникалық қызмет көрсетуге және міндеттер мен жүйелердің үлгілік әкімшілік-басқару кешендерін сүйемелдеуге көшу кестесі**

| | |
|---|---|
| | 2006 жыл |
| 1. | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі |
| 2. | Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі |
| 3. | Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті |
| 4. | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі |
| | 2007 жыл |
| 1. | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі |
| 2. | Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы |
| 3. | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі |
| 4. | Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |
| | 2008 жыл |
| 1. | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |
| 2. | Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты |
| 3. | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі |
| 4. | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы |
| 5. | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі |

Бұл кестені іске асыру жоғарыда көрсетілген мемлекеттік органдармен келісу арқылы атқарылады.

2006 - 2008 жылдарда көрсетілетін жұмыстар мен қызметтер көлемінің (негізгі қызметтен кірістердің) өзгеру серпіні мынадай болады деп болжануда:

2006 жыл - 859,7 млн. теңге, оның ішінде: телекоммуникациялық қызмет көрсетулер - 20,0 млн.теңге, ақпарат жүйелеріне сервистік жүйелі-техникалық қызмет көрсету және сүйемелдеу бойынша - 300,2 млн.теңге, Мемлекеттік бағдарлама іс-шаралары - 539,5 млн. теңге. 2005 жылмен салыстырғанда өсім 27,6 %-ды құрайды.

2007 жыл - 940,7 млн. теңге, оның ішінде телекоммуникациялық қызмет көрсетулер - 5 млн.теңге, ақпарат жүйелеріне сервистік жүйелі-техникалық қызмет көрсету және сүйемелдеу бойынша - 343,2 млн.теңге, Мемлекеттік бағдарлама іс-шаралары - 592,5 млн. теңге. 2006 жылмен салыстырғанда өсім 9,4 %-ды құрайды.

2008 жыл - 1043,7 млн. теңге, оның ішінде: ақпарат жүйелеріне сервистік жүйелі-техникалық қызмет көрсету және сүйемелдеу бойынша - 383,2 млн.теңге, Мемлекеттік бағдарлама іс-шаралары - 660,5 млн. теңге. 2007 жылмен салыстырғанда өсім 10,9%-ды құрайды.

**Мемлекеттік бағдарламаға және "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ Даму жоспарын іске асыруға кедергі келтіретін тәуекелдер:**

1. Мердігерлердің бағдарламалық қамтамасыз етуді жасау және техникалық қамтамасыз етуді жеткізу жұмыстарын уақытында орындамау.
2. Мемлекеттік бағдарламаны тиісті қаржыландырудың болмауы, оның ішінде мемлекеттік органдардың аппаратты-бағдарламалық кешендерін жүйелі-техникалық қызмет көрсетуге арналған.
3. Ұлттық операторға орталықтандырылған жүйелі-техникалық қызмет көрсетуге мемлекеттік органдардың өту кестесінің сақталмауы.
4. Мемлекеттік органдардың Сервер орталығы құрылысы аяқталуының созылуы. "Электрондық үкіметті" қалыптастыру жүйесіндегі серверлік орталық басты құрамдас бөлігі болып табылады, бұл мақсатқа арналған тиісті қаржыландырудың болмауы 2006 жылы өзімен бірге ақпараттандырудың Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мерзімінің орындалмауына әкеліп соғады.

**Параграф 5. Капиталдық салым көлемі**

(млн. теңге)

| | Атауы | 2006 жыл | 2007 жыл | 2008 жыл | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|
| | Негізгі қаражаттарды және материалдық емес активтерді иелікке алу | 70 | 75 | 85 | Өз қаражаты |

Негізгі капиталға капиталдық салымның (инвестициялардың) қажеттілігі:

1. Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымы жұмыс істеу үшін қызмет спектрын кеңейту және Қоғаммен көрсетілетін қызметті жақсарту мақсатында бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу және компьютерлік техниканың паркін жаңғырту (техникалық қызмет көрсету, ақпараттық жүйелерді әкімшіліктендіру және сүйемелдеу, оқыту, ақпараттық технологиялар саласында мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін жоғарлату).

2. Мемлекеттік органдардың өңірлік бөлімшелері ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу және жүйелі-техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның өңірлік орталықтарының материалды-техникалық базасын жақсарту.

3. Ведомствоаралық ақпараттық жүйелерді және техникалық қолдауды сүйемелдеудің жеделдігі мен тиімділігін жоғарлату үшін мамандандырылған Help Desk бөлімшесін құру.

## Параграф 6. Өзіндік құнның құрылымы

914,4 млн. теңгені, 2008 жылы - 1010,4 млн. теңгені құрайды. Өзіндік құнның негізгі бабы әлеуметтік салықты ескере отырып еңбек ақы төлеу, байланыс арналарын жалдау, амортизациялық аударымдар, үй-жайлы жалдау және жұмыстарды орындау мен қызмет көрсетулерге байланысты басқа да шығыстар болып табылады. Кезең шығыстары да осы тақылеттес.

2006 - 2008 жылдардағы кезең үшін негізгі қызмет бойынша жоспарланып отырған өзіндік құн құрылымы мынадай түрде беріліп отыр:

| Жылдар | Өзіндік құн (млн.теңге) | Үлес салмағы (%) | Кезең шығыстары (млн.теңге) | Үлес салмағы (%) |
|---|---|---|---|---|
| 2006 | 661,1 | 83 | 136,5 | 17 |
| 2007 | 725,4 | 84 | 142,0 | 16 |
| 2008 | 810,4 | 85 | 148,0 | 15 |

## Параграф 7. Қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі техникасын сақтау жөніндегі іс-шаралар

Қоғамның қызметі қоршаған ортаға зиян шектіруге байланысты болмағандықтан, тиісті шаралар жоспарланбаған.

Қоғам қызметкерлерінің жұмысы компьютерлік, телекоммуникациялық және өзге де ұйымдастыру техникасымен тікелей байланысты, олар пайдаланушылардың функционалдық жағдайы мен денсаулығына қолайсыз әсер ететін бірқатар физикалық факторлардың көзі болып табылады. Басқа кәсіптің қызметкерлеріне қарағанда дербес компьютерді пайдаланушылардың жүйке шырығуына неғұрлым көп ұшырайтындығы

анықталған. Компьютерлік техниканы пайдаланушылардың денсаулық жағдайын нашарлататын факторлар қатарына мыналарды жатқызған жөн:

электромагниттік және электростатикалық өріс;

акустикалық шу;

ауаның иондық құрамы мен үй-жайдағы микроклиматтың өзгерісі және басқа да факторлар.

Өз қызметкерлерінің денсаулығы үшін жоғарыда аталған қолайсыз салдарларды болдырмау, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі техникасын сақтау мақсатында, Қоғам:

ескірген компьютерлік техниканы сәуле шашу деңгейі төмен қазіргі заманғы компьютерлерге кезең-кезеңімен ауыстыруды жүргізу;

санитарлық-гигиеналық талаптарды және қызметкерлер еңбегін ұйымдастырудың талаптарын қатаң ұстануды;

жұмыс орындарының жарықтандырылуына, жиһаз өлшемдері мен үй-жайлардың сипаттамаларына, сондай-ақ компьютерлік техника орналастырылатын үй-жайларда қорғаныштық токты жергеөткізгіштердің болуына айрықша назар аударуды жоспарлап отыр.

Бұл ретте Қоғам еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын сақтау саласындағы нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

## Параграф 8. Баға мен тарифтік саясат және оның негіздемесі

Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру бюджеттерін қалыптастыруға бірыңғай көзқарастар қалыптастыру мақсатында уәкілетті органның тапсырысымен Қоғам уәкілетті ақпараттандыру саласында (сүйемелдеу, техникалық қызмет көрсету, ендіру және т.б. бойынша) нормативтер жобаларын әзірледі. Еңбек сыйымдылығы есебінің әдістемесі және ақпараттық жүйелердің әзірлемесінің құны әзірленді. 2006 жыл бойы әдістемелер мен тарифтерді жұмыспен өтеу және оларды белгіленген тәртіпте бекіту.

Қоғамның негізгі клиенттері мемлекеттік органдар болғандықтан, бағалар мен тарифтарын қалыптастыру барысында Қоғам үлкен пайда табуды көздемейді. Сондықтан, Қоғам бағалар мен тарифтарды өзіндік құн деңгейінде ұстап тұрады. Техникалық құралдарға сервистік жүйелі-техникалық және ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу қызметтерінің бағалар прейскуранты 9 бөлімнен тұрады:

жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және сүйемелдеу;

диагностикалау және жөндеу;

желілерді әкімшілендіру;

министерстволар мен ведомстволардың корпоративтік желілеріндегі ақпараттарды қорғау;

ақпараттық жүйелерді, жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету мен Интернет аймағындағы серверлерді әкімшілендіру;

жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету мен ақпараттық жүйелерді қондыру (қалпына келтіру);
жабдықтарды қондыру және күйге келтіру;
жергілікті есептеу желілерін жобалау мен монтаждау.

Бір адам-сағаттың құны осы жұмысты орындайтын мамандардың еңбек ақысының қорын, шығыс материалдарының құнын, жөнелтпе құжат пайыздық мөлшерлемесі мен жалпы және әкімшілік шығындарын мамандардың еңбек ақысына және пайда сомасына қосады. Қоғаммен орындалатын жұмыстардың құны және жобаларды басқару консалтингтік қызметтерді басқаруға байланысты жұмысшылардың категорияларына байланысты Есептесу бір адам-сағаттың құнымен анықталады. Бір адам-сағаттың құны осы жұмысты орындайтын мамандардың еңбек ақысының қорын, шығыс материалдарының құнын, жөнелтпе құжат пайыздық мөлшерлемесі мен жалпы және әкімшілік шығындарын мамандардың еңбек ақысына және пайда сомасына қосады.

Қоғаммен көрсетілетін телекоммуникациялық қызметтерге тарифтер: бір жолғы ( бір рет), оған жататын қызметтер: пайдаланушыны тіркеу, портты, модемді инсталляциялау, клиенттерді оқытып-үйрету IP-кіруді ұсыну және басқалары сияқты - бір жолғы және 1-ші бөліп берілген портты жалдағаны үшін абоненттік төлемақы, трафик, электрондық почтамен жұмыс істеген уақыт үшін төлемақы, ақпаратты қабылдағаны және бергені үшін төлемақы, почта жәшігін жалдағаны үшін абоненттік төлемақы және басқалары сияқты ай сайынғы болып бөлінеді. 1-ші бөлініп берілген портты жалдағаны үшін абоненттік төлемақы тарифтері ақпаратты беру жылдамдығына байланысты сараланады.

Қоғам 2007 жылдан бастап, мемлекеттік бағдарлама шеңберінде құрылған ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу жөніндегі қызметтерге тарифтерді Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігімен бекітуді жоспарлап отыр.

## Параграф 9. Әлеуметтік саланы дамыту

